

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БҰЛБҰЛЫ



Етікші Жасын Бейісовтың қабағы қатулы еді. Жаңа ғана босанған Зибажанға:  
– Сен ұл туады деп үміттеніп едім, қыздың бізге не керегі бар? Құдай бізге ұлды қимай-ақ қойды ғой!  
– деп назаланды.

Зибажан кінәлі адамдай:

– Назаланба! Мүмкін, келесі баламыз ұл болар. Арманыңнан да шығарсың, – деп ерінің көңілін аулады.

Жаңа туған нәрестеге Күләш деген ат қойылды.

Жасын қанша тілесе де, Зибажан ұл таппады. Кейде тұрмыс ауырлығынан қысылғанда, ер бала көтермегенін айтып, ескі жараның аузын ашқандай, Жасын қыңқылдай беретін:

– Жас болса келіп қалды. Бізді кім асырайды?

Қыз асырайды ғой дейсің бе? Күйеуге шығады да, өз

бетімен кетеді. Қатқан ағаштай қақшиып қаламыз!

Ал сол Күләш Тянь-Шань тауының етегіндегі қалада совет заманының бақытты балаларымен бірге өсіп келе жатты. Пионер болды, қызыл галстук тақты, от қасында ән айтты. Орталау мектепті бітіріп, оқытушылар техникуміне түсті, комсомол қатарына кірді. Уақыт өткен сайын өмір сатысымен жоғары өрлей берді.

Қазіргі Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияның үйі ол кезде сауда қызметкерлері көркемөнер үйірмесінің клубы болатын. Сол үйірменің мүшесі, көз жанарында таланттың оты жайнаған балғын Күләш жеңіл-желпі спектакльдерге қатысып жүріп-ақ жұрт көзіне түсе бастады. Дарынды артист Серке Қожамқұлов Күләштің жаңа көктеп келе жатқан талабына ерекше назар аударды.

– Қарағым, сен театрға кірсең қайтеді, – деді ол Күләшқа адал ниетімен, – талабың бар екен?! Сахнада еркін жүреді екенсің. Сөзің де ысылған артистердің сөзіндей мәнер бар. Күйініш, сүйініш, жүріс-тұрысыңнан да, жүзіңнен де көрініп тұрады.

Күләш Серкенің сөзін ықыласпен тыңдады. Серке Күләшті бұрын білмейтін. Күләш оны драма театрында спектакльдердің басты рөлдерін ойнап жүргендіктен жақсы білетін еді.

– Мен мұғалімдік оқуда жүрмін ғой, – деді Күләш үялғанынан жібек шәлісіп, шашақтарын талдап.

– Онда нұр үстіне нұр, – деді Серке, – бір кезде мен де мұғалім болуға талпынғам. Бірақ актер болу үшін де ол талаптың үлкен пайдасы бар екен. Қазақстанда қазір мектеп көп, театрымыз біреу-ақ, оның өзінде қазақ әйелдерінен айтарлықтай артист жоқ. Бұдан бес жыл бұрын мен бір ойында, әрі жігіт, әрі әйел, әрі кемпір болып үш рөлді бірден атқаратынмын.

Серке бұл сөзін қалжыңсыз, шын көңілімен айтып еді. Қазақ театры Совет Одағындағы ең жас театрдың бірі болатын. Серке жас Күләшті шақырған кезде театр жиһазы жетімсіз, жаңа құралып келе жатқан отау сияқты еді. Қазақ әйелдерінен шыққан артист жоқтың қасы еді. Сондықтан да Серке Күләшті жар құлағы жастыққа тимей жүріп, техникумнан шығарып алуға тырысты.

– Сенің даусың қоңыраудай сылдырайды. Мұнда өлеңді сенен жақсы айтатын ешкім жоқ, – деді Серке Күләшқа қуанышы қойнына сыймай. – Өміренің алдында өлең айтып көр, ол дауыстың ұнамдылығын бірден-ақ айырады.

Күләш беті дуылдап, ұялғанынан төмен қарады. Ол Өміренің концертінде бірнеше рет болған, оның өмірімен де сыртынан таныс болатын. Парижге барып дүниежүзілік даңққа ие болғанын да, онда айтқан әндерін де білетін.

– Серке ағай, мен театрға ауысу мәселесін ата-анаммен ақылдасайын, жауабын кейінірек айтармын, – деді Күләш өз бетімен театрға кіруге батпай.

Етікші Жасын қызының театрға ауысқысы келетінін естігенде сонша қарсылық білдірмеді. Жасында Жасынның өзі де жиын-тойда өлең айтатын, оны жұрт сүйсіне тыңдайтын. Ал Зибажан бұл сөзді естігенде ыршып түсіп, шала бүлінді. Жас қыздың сахнаға шығып, жұрт алдында жарқылдауының арты не болар екен деп қауіптеніп, мұғалім болуын жан-тәнімен қоштады.

Күләш айтқанынан кайтпады, жаны сүйген өнерге құмартқан қыз мәселені өзінше шешті. Бірнеше күннен соң Серке Түркісіб жолын аралап, ойын-сауық кешін ұйымдастыруға шыққан сапарында Күләшті ертіп ала кетті.

Бұл кезде Түркісіб жолы салынып болғанымен, құрылыс жұмысының бірсыпырасы әлі аяқталмаған. Күләш тұңғыш рет паровозды көріп, вагонға отырып жолға шықты. Енді оның бір күнінен бір күні қызық болып өтетін болды. Жарқын өмірі жаңа басталып келе жатқан сияқты.

Алматыдан шыққан соң жас қыз құлазыған даланы жарып өткен болат рельстерді, ұлы жолды салған еңбек адамдарын көрді. Өмірі театр көрмеген қарапайым қыр қазақтарымен кездесті. Қойылған пьеса кейіпкерлерінің қайғысына да, қуанышысына да ортақтасып, ойынды зор ілтипатпен көргендердің көркемөнерге деген ыстық сезімінің лебін сезді. Жұртшылықты біресе жыладырып, біресе күлдірген Серкенің актерлік өнерінің күшін көрді. Өз ұстазының шеберлігіне Күләш құмарта қызықты. Қызығып қана қоймаған, оның өнерін үйренгісі келді. «Мен де халық жүрегін тербетерлік осындай өнерге жетелер ме екенмін?» деген бір тәтті үміт ойын орай беруші еді.

Түркісіб жұмысшыларына, даладағы мал баққан ауыл қазақтарына қойылатын концерттерге Күләш та қатыса бастады. Ұстаздық қылып, жалықпаған Серке оған өз білгенін талмай үйрете берді.

Бұл жолы Күләш сахнаға едәуір бойы үйреніп, азды-көпті тәжірибе алып қайтты. Қазақ театры осы кезде бір жаңа пьесаны қоюға дайындалып жатқан болатын. Күләшқа да бір рөл берілген еді. Жас артистка үлкен сахнада өзінің барды-жоқты өнерін көрсетті, оның жалт еткен талантын жұрттың жіті көзі шалып қалды.

Қазақ тілінде «театр», «артист», «спектакль», «суфлер», «драма», «опера» деген сөздер бұрын болмаған. Бұл сөзді көшпелі халықтың күнделікті өміріне ұлы Октябрь революциясы әкелді. Қазақтың тұңғыш драма театры республиканың

бұрынғы астанасы Қызылорда қаласында 1926 жылы ашылды. Оған дейін Қазақстанның үш-төрт қаласында жас енерпаздардың шағын үйірмелері ғана болатын. Жаңа ашылған жас театр өзінің ұлт кадрын осы үйірмелердегі жас таланттардан құрастырды.

Сахнаға Күләш келген жылдары Алматыда жалғыз-ақ қазақ театры бар еді. Бұл театрдың жұмысы едәуір жемісті болды. Араларынан опера театрын ұйымдастыруға талаптанған адамдар шыға бастады.

Театр коллективінен жақсы әншілер де шыға бастады. Олардың ішінде ерекше көзге түсетіндері – Әміре Қашаубаев, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Манарбек Ержанов, Иса Байзақов, Үрия Тұрдықұлова, Күләш Байсейітовалар еді. Осы актерлерден Қазақтың тұңғыш музыкалы театрының студиясы құрылды.

Жас артисттер операны аңсады, бірақ олардың алдарында үлкен қиыншылықтар тұрды. Операда өлеңді скрипкаға, рояльға, виолончельге қосылып айту керек. Екі шекті домбыраға қосылып айтатын өлең операның талабын қанағаттандыра қоймайды. Екіншіден, операда әрі өлең айтып, әрі ойнау керек, көз тартарлық сурет, тамаша би қажет. Міне, осының бәрі қазақ халқының мәдениетіне бұрын сіңісті болмағандықтан, актерлерге бастан-аяқ жаңадан үйренуге тура келді. Ең ақыры, ұлт биі, ұлт музыкасына лайықты ірі шығармалар да жоқ еді.

Жазушы Мұхтар Әуезов бұрын пьеса жазып, театрға көмектесе, енді халық поэмасы «Айман-Шолпанды» музыкалы пьесаға айналдырып, артистердің бірте-бірте опера өнеріне қалыптасуына едәуір мүмкіндік тудырды. Бұл пьесаның композиторы Е. Брусиловский құрастырған музыкасы, бірлі-жарым биі, халыққа сюжетінің таныстығы – актерлерді де, көрер жұртшылығын да мейлінше сүйсіндірді. Астана жұртшылығы бұл музыкалы пьесаны 1934 жылдың 10 январь күні көрді.

Қазақтың тұңғыш операсы туған күн – Күләштің есінен мәңгі шықпастай қуанышты күн болды. Ол бұл күні басты рөлде ойнады. Күләш сахнаға қысылып-қымтырылып, қалай болар екен деген оймен шықты. Өйткені пьесаның тағдырын басты рөлдің ойыны шешетінін жақсы түсінетін. Оркестр «Айман» сөзінің әнін тамылжытып ойнап жібергенде қосылу керек еді, Күләш үн шығара алмай тұрып қалды. Музыканың тұтас бір ойынын өткізіп алды да, екіншісіне әрең қосылды.

Тұңғыш музыкалы пьеса неше алуан ән, тамаша би, қызықты сюжетімен жұрт жүрегіне жағып кетті. Ал, Күләштің бұлбұлдай сайраған даусы «құлаққа кіріп бойды алды». Ұмытылып бара жатқан халық әндерін Қазақстан астанасы Күләштің аузынан нәзік жаңа леппен естіп, ертеңінде жаттап алып, түгел жырлады. Күләштің сүйкімді үніне астана жұртшылығы ғана емес, бүкіл республика халқы сүйсінетін болды.

Музыкалы театрдың ұйымдастырылғанына үш жыл толды. 1936 жылы Москвада Қазақ көркемөнерінің декадасы өтті. Үлкен театрдың алдына әсем машиналар қаптап кетті. Билетка қолы жеткендер қуанышы қойнына сыймай, іші күндізгідей жарқыраған театрға лек-легімен кіріп жатты. Билет жетпей қалса да «Қыз Жібек» спектакліне кіруге әлі үміттерін үзбеген топ көпке дейін тарқамады.

Бұл күні қазақ артистері өздерінің өскендігін көрсетіп, совет көркемөнерінен белгілі орын алу үшін бүкілодақтық сыннан өтті.

Бейнесі барша халыққа таныс жайдары адамның нұрлы жүзіне, ән шырқап тұрған Жібек қыздың (Москва жұртшылығы солай атаған) көзі түсті. Қыздың бұлбұл үндес күмістей сыңғырлаған нәзік даусының әсем әуені одан сайын шарықтап кетті. Шымылдық жабылысымен, Жібек қызды электр сәулесі түсіп тұрған жерге әкелгенде иіліп тағзым етті. Сол мезетте жұрттың мейіріммен қол соғып, күттіктап отырғанын көрді. Сол сәтте барлық бақыт бір басында тұрғандай, қуанышқа бөленген Күләштің жүрегі жарылып кете жаздады. Ойын көрер жұрт дамылсыз қол соғып, қайта-қайта шақырғанда Жібек қыз бірнеше рет шығып, иіліп тағзым етті.

Ертеңінде Күләш газеттерден спектакль туралы жазылған мақалаларды оқып, олардың беттерінде басылған өз суретін көрді. Бірақ, Москваға келісімен жұрт оған неліктен осынша зор құрмет көрсеткеніне өзінің көзі жетпеді.

Күләш «Жалбыр» операсындағы Хадишаның ролін ойнап, арияларын орындағанда, оның образ жасаудағы шеберлігін газеттер тағы да жазды.

Соңғы спектакльден кейін Үлкен Кремль сарайының Георгиев залында қазақ артистерімен Москва көркемөнер қайраткерлерінің бас қосқан мәжілісі болды. Немирович-Данченко, Барсова тағы басқа көркемөнер қайраткерлері Қазақ көркемөнерін және Жібек (Күләш) қыздың тамаша жетістігін қуанышпен құттықтады.

Қонақасы үстінде Алматы етікшісінің қызы Халық Комиссарлары Советі төрағасы Молотов пен Отан Қорғау Халық Комиссары Ворошиловтың арасында отырды. Олар зор ықыласпен әңгімелескенде Күләш дым түсінбегендей, жүзінде шаттықтың нұры жайнап, екі беті балбырап, ғажап түс көрген адам сияқты танылды.

– Күләш сөз сөйлесін! – деген ұсыныс болды. Күләштің жүрегі лүпілдеп, толқып кетті. Жарқ-жұрқ етіп сәуле шашып тұрған хрусталь бокалды қолына алды. Ол қазақ даласына өмірдің жарық сәулесін шашқан ұлы адамға алғыс айтпақ болды. Алғашқыда Күләштің даусы дірілдеп өте нәзік шықты. Ол сөзін аяқтағанда, ойындағысын түгел айтып жеткізе алмағандай толқып тұрды.

Соғылған қолдар, жүректен шалқып шыққан дауыстар ұлы думанға айналды.

Күләш Байсейітова – қазақ халқының бұлбұлы, Совет Одағының халық артисі.

Заманымыздың ұлы ақыны Жамбыл:

Тоқсан үште Жамбылды,

Күләш сынды бұлбұлды

Өсірді демей не дерсіз!

деп Күләшті өзінің жырына қосты.

Қазақ халқы Күләшке зор сенім білдіріп, Республиканың Жоғарғы Советіне депутат етіп екі рет сайлады. Осы ұлы құрметті көрген Жасын:

– Енді арманым жоқ! Күләшім тең құрбысының алды болды. Мен де жасымда өлеңді бір кісіден кем айтпаушы едім, бірақ тағдыр мен бізден басқаны өткен заман маған қимады ғой. Мені губернатордың есігінен қаратпаушы еді, ал Күләштер Кремльде де болды, – деді, бақытқа жеткізген заманға көңілі толып.

– Қыз туғанымға енді өкінбейтін шығарсың? – деді Зибажан, жеңілетін жеріңе келдің бе дегендей, әзіл-шынын араластырып.

Қазақ мемлекеттік опера және балет театры 1945 жылы Октябрь мерекесі қарсаңында «Амангелді» операсын қоюға дайындалды. Ойынға дайындық жүріп жатқан кез еді. Хорға қатысушылар үлкен сахнада өлең айтып тұрғанда, біз Күләш екеуіміз залда отыр едік.

– Күләш, білесің бе спектакльге қанша адам қатысады? – деп сұрадым.

– Екі жүзден асады, – деп мақтаныш нышаны сезілді. Ол біраз үндемей отырды да:

– Бұдан жиырма жылдай бұрын артистеріміз аз еді. Біздің онда ойын қоятын тұрақты үйіміз де жоқ-ты. Енді көбейдік, өстік, көрдіңіз бе, театрымыз қандай сәулетті!? Мен бір кезде Айман рөлін ойнауға жүрексініп едім. Енді «Евгений Онегинде» Татьяна әнін іркілмей шырқайтын болдым, – деді.

Бұдан соң біз академиялық драма театрына «Асауға – тұсау» ойынын көруге бардық. Кешегі көшпелі елдің батырлары Шекспир қаһармандарының рөлінде ойнап жүр. Революциядан бұрын Алматыда орыс театры да болған жоқ-ты.

Қазақ драма театры 22 жыл, опера және балет театры 14 жыл өмір сүрді. «Опера» деген сөздің өзін білмейтін халық бұл жылдарда «Айман-Шолпан», «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Амангелді», «Қыз Жібек», «Біржан Сара», «Төлеген» сияқты жұртшылық сүйсініп тыңдайтын опералар жасады. Бұл шығармалардың даңқы жан-жаққа жайылып кетті. «Қыз Жібектегі» «Гэкку» әнін Москвадағы Үлкен Театрда КСРО халық артисі Барсова шырқайтын болды. Революциядан бұрын қазақ деген халықты білмейтін ағылшын, француз, испан елдері театрларының сахнасында қазір «Қазақ вальсі» мен «Гэкку» айтылып жүр.

Күләш Байсейітова «Қыз Жібек» операсында – Қыз Жібектің, «Даисиде» – Мароның, «Чио-Чио-санда» – Баттерфляйдің, «Евгений Онегинде» – Татьянасының тамаша образдарын жасады. Бұл образдар үлкен еңбек пен асқан шеберлікті қажет етті. Күләш сол қиындықты жеңіп, даңққа бөленді.

Күләш бір кезде етікші Жасынның қызы болса, енді қазақ халқының сүйікті бұлбұлы болып отыр.

Күләштің биыл Сталин сыйлығын алуы – көп жылдық еңбегінің жемісі. Күләшті қазақ халқы: «бұлбұлымыз» десе, Жамбыл айтқандай, оны сайратқан сол заманның бақшасы.

*Күләш Байсейітова / Құраст. Аклима Омарова. – Алматы: «Өнер», 2012. – 80-87 б. (қазақша, орысша)*